



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№11 (11) 20.02.2015

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!!!



Бүгінде өнердің айдыны дамылсыз үрдісте жұмыс атқарып жатқандықтан, күн өткен сайын толассыз жаңалықтардан хабардар болып отырамыз. Алысқа көз жүгіртпей-ақ, өз өнер өрдамызда күніне қаншама іс-шаралар атқарылып, алыс-жақын шет елдерде университет студенттері биік белестерді бағындырып, еліміздің атын шығарып жүргендері жасыратын жәйт емес. Алайда, бұл жаңалықтардың барлығын айына бір рет жарық көретін журналымыздың бетіне сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан бұл жолы да өздеріңізге мағыналы, қызықты жұмыстар легін ұсынып отырмыз. Бізбен бөлісер ойларыңыз, көкейкесті сұрақтарыңыз бен тұшымды еңбектеріңіз болса редакция қоржынына жіберуге асығыңыздар...

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мейрамов Т. У. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Юсупова А. К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор: Камила Габдрашитова

Тілшілер: Қуат Ежембек

Мирас Әбіл

Нұрислам Абдил

Александра Поршнева

Евгений Лумпов

Амина Габдрашитова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

М. Әбіл	4	ТАРИХ ТОҰЫ – ТЕАТРДА !!!
А. Қонақбаев Н. Абдулла С. Балтабек	6	БҮГІНГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫ КӨҢІЛДЕН ШЫҒА МА?..
Д. Жәлелов	9	МҰҚАФАЛУ МАҚАТАЕВҚА АРНАУ
А. Айтжан	10	«СЫН САРДАРЫН» ЕСКЕ АЛДЫ АДАЛДЫҚТЫ АРҚА ТҰТҚАН ҚАЛАМҒЕР
Ә. Тоқсанбек	12	ЕСТЕ ҚАЛҒАН «ЕС – АҰМАҚ»
Ж. Дәуіт	13	БЕС ЖҰЛДЫЗ
Н. Әбділ	16	КҮНДЕЛИКПЕН КҮБІР
А. Өшімбек	18	ӨНЕР КӨКЖИЕГІ
	19	В КРУГУ ШАБЫТА
	22	KinoMUZA
Д. Амренова	23	ART GALLERY
	30	
А. Оспанова, Д. Усенова, Н. Бекбасова	24	О, КИНО!
Е. Гиль	26	РАЗМЫШЛЕНИЕ НА ТЕМУ: «РОЛЬ МУЗЫКИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ»
Э. Хайдарова	27	70 – ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ ПОСВЯЩАЕТСЯ
А. Габдрашимова	29	ЗАПИСКИ ИСКУССТВОВЕДА



Тарих тойы – театрда !!!

Елордалық Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Абылай ханның арманы» атты тарихи драмасын ұсынды. Белгілі жазушы Думан Рамазан дүниеге әкелген бұл туындының қоюшы режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Болат Ұзақов. Тарих тойының үш жүздің басын қосқан ұлы бабамыз Абылаймен бастау алып жатқаны зор қуаныш. Абылайдың арманы осы азаттықтың ақ туы желбіреген бейбіт күндер емес пе еді?! Қойылым тарихын танытын, откенін ор тұтатын әр қазақтың жүрегіне рух, санасына серпін, жан-дүниесіне жігер берері сөзсіз. Қоюшы суретші Берік Бурбаевтың безіндірген сахна көркі козді бірден баурады. Шымылдық алғаш ашылған мезетте, өрмекшінің өрмегіне ұқсас тормен бүкіл сахна көмкеріліп тұрған сәтіне көзіміз түседі. Белгілі сазгер Еділ Құсайыновтың жан дүниесінен туған дала жаңғырығы, ғасыр үнін жеткізетін әуезді әуендер естілген сәтте, әлгі тор жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің салтанатты сарайына айналып шыға келді. Аң аулап, саят құрып жүрген сәтінде қапыда қалмақтардың қолына түсіп қалған Абылайдың жоңғар ордасындағы еңсесін тік ұстап ханға лайық болмысты, табиғатындағы тектілікті актер Қуандық Қыстықбаев иланымды жеткізді. Ол кейіпкердің психологиялық көңіл-күйін шебер жеткізуімен қатар, сырт пішінін де келісті жасаған. Сондай-ақ, характер ерекшелігін терең түсініп жан дүниесімен беріле, шынайы шеберлікпен шабыттана кескіндеді. Оның қазақ халқының қамын жеген қайғысы жатқандай сезілетін қырлыға шыққан дауысы жан тебірентеді. Актердің байсалды да, салмақты қимыл-қозғалысынан алысты барлаған көз жанарынан шын Абылаймен жүздескендей әсер алдық. Абылайдың серігі, Жолбарыс сұлтан актер Жәнібек Мұсаевтың орындауында жігері жалын атқан, қызуқандылығымен қоса қайсар батыр типтес. Зор дауысты, батыр бітімді Жәнібек-Жолбарыс өзінше кескін тапқан. Қонтайшы - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанқалдыбек Толенбаев кейіпкер кескіндеуіндегі шексіз, шетсіз шеберлігі мен ой тереңдігі жан-дүниенді қозғайды. Әрбір бет-жүзінің құбылысында, сөйлеу мәнерінде, сахнадағы үзеңгілестерімен қарым қатынас жасаудағы зейінділігінде, көркем мәтіннің мазмұнына мән бере бойлауында үлкен мән жатыр. Ауру шарпыған алақанын ешбір естен шығармай шынайы сезінін, ойната білуі оның зейінділігі. Бұл сол кер замандағы жоңғар халқының болашағына алаңдап, жаны мұңға малынған қонтайшының жан айғайын табиғи жеткізуге көмек беретін актер шеберлігінің жемісі. Ол бірсарындылыққа ұрынбай бірінші, екінші, тіпті үшінші кезектегі үн үлгілерімен жұмыс жасады. Нәтижесінде қандай ғажап билеушінің образы шықты. Қойылымның кейбір сәттерінде халық ойран-топан күлкіге кенеліп, сүйсіне қарап отырғанын байқаймыз. Ол күлкіні тудырушы қытай елшісі На-Вангты бейнелеген Дастан Әлімов еді. Оның аласа бойы мен тамаша ойыны айлакер, қуақы, шеттен тыс ақылдылығын табиғи күлкі тудыра отырып,

ӨНЕР ӨРІСІ

шынайы суреттеді. Абылайдың алдында адам бейнесіндегі «айдаһар» тұрғанын Дастанның кекесін күлкісінен, алдамшы жанарынан аңғармау мүмкін емес. Ал, Ержан Нұрымбет мансап жолында неден бөлсын тайынбайтын Әмірсананың типтік бейнесін өзіне лайық кескін-кейіпімен, айқын даралап көрсете білген. Жалбы (Қасымхан Бұғыбай), Топыш (Айман Қарпсейітова), Қазыбек би (Аманжол Молдахмет), жалпы театр ұжымы аз еңбектенбегендіктерін көрсете білді. Спектакльдегі бұл аталғандардан басқа да үлкенді-кішілі эпизодтық бейнелер де өздеріне лайықты жүкті өз дәрежесінде көтеріп тұр. Сахна декорациясы киім, бұйым жиһаздары да бай, сол тарихи дәуір ерекшелігіне сай көрнекті келісім тауып тұрғандай. Тор - метафора. Ол біресе хан сарайы, кейде Абылай тоғытылған зындан, енді бірде соғыс алаңын суреттейді. Бұл еркіндікті, азаттықты аңсаған Әбілмансұрдың жан дүниесінің көрінісі іспетті әсер етеді. Қытайларға қарсы соғыспақ ниеттегі Абылайға өз халқының билері мен батырлары, тінгі ақылшысына айналған Бұқар жыраудың өзі батырлық болмысын биіктеткеннің орнына көңілін құлазыттар жыр арнағанында Абылайдың еңсесі түсін, рухы төмендегенін сол тордың әр адам сөйлеген сайын төмен қарай құлдилай беруімен жеткізе білген – Болат Ұзақов. Киім үлгісінің суретшісі Шынар Елембаеваның еңбегін де ескерген жөн. Топыш сұлудың сыртқы келбеті немесе батырлардың сауыттырынан, ең бастысы спектакль финалында хан сайланған Абылайдың бас киімі мен шапанын киген Қуандық Қыстықбаев шын Абылайдың кітаптағы суретінен айнымай қалды. «Мемлекеттің күштілігі – мықты бір орталықтанған биікке бағынуында, халықтың бірлігінде екен! Сонда ғана еліміз бен жеріміздің тұтастығын сақтап қала аламыз. Менің арманым бүкіл түркі жұртының басын қосып алынбас тас қамалға айналдыру!» дейді кең даланың көсемі, қазақтың қайсар ханы Абылай «тар» сахнаның төрінен үн қатып. «Браво!» деп айқайлайды («Бәрекелді!» деудің орнына) асқақ Абылайдың ұрпақтары...



Мирас ӘБІЛ,
театртану мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Бүгінгі қазақ киносы көңілден шыға ма?..

Қазіргі қазақ киносының жағдайы қалай? деген сұрақ бүгінде жалпы жұртшылықты толғандыратын маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бірі мақтаса, бірі даттайды. Мақтағаны – шедевр боларлық дүниені жарыққа шығарғандығының айғағы емес, даттағаны – әсірелеп, төмендету деп түсінбеген жөн. Барлығы да болашақ киногерлерге дұрыс бағыт беру қамы ғана. Ендеше, өнер қайраткерлері мен сыншылар қауымы не айтады екен? Назар аударалық!

**Бауыржан Нөгербек,
кинотанушы, өнертану кандидаты, профессор, «Өнертану»
кафедрасының меңгерушісі**



- Қазіргі қазақ киносы туралы не айта аласыз?

- Қазіргі қазақ киносы жақсы дамуда. Түсіріліп жатқан фильмдер авторлық, мемлекеттік тапсырыспен түсірілген және коммерциялық сияқты негізгі үш бағытты қамтиды. Оның үстіне кейбір жас режиссерлердің фильмдері шетелге шығып, жүлделер алып жатыр. Ішінде Әділхан Ержановты ерекше айтуға болады. Олардың алдындағы Серік Апырмов, Дәрежан Өмірбаевтар да жаңа фильмдер түсіріп, бүгінгі кинода өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүр. Қазіргі қазақ киносында үш ұрпақ бар: Сатыбалды Нарымбетов пен Болат Шәріповтерді аға буын өкілдері десек, «жаңа толқынның» режиссерлері ортаңғы буынға жатады, кейінгі буын – жастар. Қазіргі анимациялық киноның да жағдайы жақсы. Адай Әбелдиновтің жақсы фильмдерін көрдік. Бірақ, қалай десек те, телевизиялық киноның, сериалдардың кемесі өрге жүзіп тұр. Әрине, олардың кәсіби деңгейі әртүрлі, сонда да көрерменнің сұранысына жауап бере алады.

Тарихи фильмдерді түсіру жайлы бізге тапсырма берілуде, бірақ, ол жағы оңай емес. Өйткені ондай фильмдерді түсіре алатын мықты режиссерлер жоқтың қасы. Мысалы, бұрын «Отырардың күйреуі» деген жақсы фильм түсірілді. Оның жақсы шығу себебі – сценарийін Герман Кармелита атты танымал сценарист жазып, оған басқа да белгілі режиссерлер мен кино мамандары атсалысты. Ал, одан кейінгі фильмдердің аты аса шыға қоймады, соның ішінде көбімізге белгілі «Көшпенділерді» айтуға болады. Мүмкін, «Жаужүрек мың баланы» толық жақсы деуге болар еді, бірақ мұнда көпшілік (массовка) қатысатын көріністер аздау. Сол себептен, болашақта бұндай фильмдердің қалай шығатыны, кім түсіретіні де үлкен сұрақ деп ойлаймын. Оны түсіру бір бөлек қой, ең бастысы жақсы драматургиясы, сценарийі болуы керек.

- Бүгінгі күні елге неліктен көңіл көтеруге арналған, «жеңіл» фильмдер ғана өтімді?

- Бұл – бүгінгі күннің ғана мәселесі емес, үнемі солай болған жағдай. Жалпы, комедиялық және мелодрамалық фильмдер көрерменді баурап алатыны белгілі. Сол себептен ондай фильмдердің кең таралуы, оған түскен актерлердің танымал болуы – заңды құбылыс. Негізі, көрермен кинотеатрға демалу үшін барады. Оның терең ойға батып, күйзеліске түскісі келмейді. Күні бүгінге дейін бұл жанрлардың қатты дамуының да себебі – осы.

Ал, егер біз авторлық киноға, жалпы Cinema Art деген ұғымға жақын фильмдер түсіретін болсақ, оның өзінің арнайы көрермені болуы керек. Ондай көрерменді мектеп жасынан, тіпті балабақшадағы кезінен бастап тәрбиелеу қажет. Бір қызығы, біздің Дәрежан Өмірбаевтың фильмдері Францияда рейтинг бойынша жоғарғы сатыға шыққан. Тіпті, прокат жағынан да. Былай карағанда, көрерменді онша қызықтыратын фильмдер де емес. Бірақ, ол жерде киноға көзқарас өзгеше. Киноның туған жері де Франция екенін білесіздер. Халықаралық Канн кинофестивалі де сонда өтеді. Олардың шығармашылық деңгейі жоғары фильмдерді көруге тырысатыны байқалады,

ондай фильмдерді жарнамалайтын, көрсететін әдейі ұйымдары бар. Сонын арқасында Д. Өмірбаевтың фильмдері «Аватардың» алдына шығып кетті. Адамның ақылына сыймайтын дүние секілді. Бізде «Аватар» бірінші орын алып жатса, Францияда отандық режиссерлеріміздің фильмдері бірінші орын алып жатыр. Сол себепті, бәрі көрерменді оқыту, дайындауға байланысты. Өкінішке орай, біздің білім беру мекемелерінде кино өнері, жалпы өнер туралы дәріс өте аз беріледі, сондықтан көрермендер күрделі фильмдерді көруге дайын емес. Мұндай фильмдер көлеңкеде калып жатыр.

Сұхбаттасқан: **Айбар ҚОНАҚБАЕВ**,
кинотану мамандығының I курс студенті
доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Бақыт Нұрпейіс,
өнертану докторы, ҚазҰӨУ «Өнертану» кафедрасының профессоры:



- Қазіргі қазақ киносы жайлы не айтасыз және ондағы кейіпкерлерге көңіліңіз тола ма?

- Қазіргі қазақ киносы туралы зерттеп жүрмегеннен кейін жалпылама пікір білдіруге болмайды. Өйткені, бүгінгі қазақ киносының бағыт-бағдары, ондағы басты тенденциялар арнайы зерттеуді талап етеді. Әрине, заманның биік талаптарына жауап беруге деген талпыныстар жоқ емес. Бірақ, бір кездегі «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» т.б. фильмдер сияқты елді дүр сілкіндіретін фильмдер бар деп айта алмаймын.

- Театр өнерінде немесе кино саласында болсын жаңа кейіпкерлер бар деп ойлайсыз ба?

- Театр мен кино өнерінде жаңа бейнелер бар. Олардың барлығын түгендеп шығу мүмкін емес. Ең бастысы, бүгінгі заманның кейіпкерлері өрекет етеді. Біз өз замандастарымызды толғаныс-күйініштерін көріп жүрміз.

- Заманауи кино өнерінде, сыншы ретінде, жетіспеушіліктер мен ерекше тұстары жөнінде айта кетсеңіз.

- Заманауи кино өнерінің жетістіктері ретінде бұрын қозғауға болмайтын тақырыптарға батыл бара алғандығы дер едім. Ал, жетіспей жатқан тұстарына жастарды патриоттық рухқа баулитын фильмдер түсірілмей жатыр. Біз өзіміздің бай тарихымызды кино өнері арқылы насихаттай алмай отырмыз. Бұл жағынан оңтүстік Кореядан үйренеріміз көп. Көптеген фильмдерден ұлттық мінез, ұлттық даралықтар көрінбей барады. Бұл да ойлантады.

- Қазіргі қазақ сериалдары жайында айтар ойыңыз қандай?

- Қазіргі қазақ сериалдарының көркемдік сапасы орташа деңгейде. Фильмдердің сценарийі мен актерлердің ойыны, продюсерлік, операторлық жұмыстары, режиссурасы көңілден шықпайды.

- Режиссерлер мен актерлерге, өнер жанашыры ретінде, қандай кеңес берер едіңіз?

- Режиссерлер мен актерлер сыншылардың ақыл-кеңестеріне зөру емес. Өз жұмыстарына берілген мамандар қашан да ел-жұрттың көңілінен шығатыны әлдеқашан дәлелденген.

- Өзіңіз де білетін боларсыз, кино мәселесіне келгенде көптеген режиссерлер драматургияның қазіргі таңда ақсаңдап тұрғаны жөнінде жиі айтады. Сіздің пікіріңізше, драматургия бізде шынымен төмен деңгейде ме? Сонымен қатар, кино шығармалардың сюжеті мен мән-мағынасының соншалықты сұйықталып кеткеніне драматургтер мен сценаристтерге айып таға аламыз ба?

- Соңғы жылдары әдебиет пен өнер қайраткерлері драматургия мен сценарийлерге қатысты мәселелерді үнемі көтеріп жүр. Әлем театры мен киносының тарихынан барлығымызға жақсы

мәлім драматургия мен сценарийсіз аталған өнер түрлері алға баспайды. Қазіргі кезде біздің драматургиямыз немесе сценарийіміз жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ, жаңа драматургия мен сценарий керек. Жас драматургтер мен жас сценарийстер көріне алмай жатыр. Алдағы уақытта оларға қамқорлық жасап, өзге мемлекеттерден біліктіліктерін көтеруіне жағдай жасаған дұрыс.

Сұхбаттасқан: Нүргүл АБДУЛЛА,
кинотану мамандығының 3 курс студенті
доцент Н. Мұқышева шеберханасы



**Бекболат Тілеухан,
әнші, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері:**

- Сіз Парламент мәжілісінің депутаты болып тұрған кезіңізде кино жайлы сыныңызды айтып, назыңызды білдірген едіңіз. Бүгінде сол айтқандарыңыздың нәтижесін көрдіңіз бе? Қазір көрініс беріп жатқан қазақ фильмдеріне көңіліңіз тола ма?

- Қазір демократия заманы. Кім не түсірем десе де өз еркі. Әйтсе де, сол сын-пікірлерден кейін нәтиже шықты деп айта аламын. Қазақты сондай бір сорақы, масқаралайтын «Ирония любви», «Келін» сияқты фильмдер одан кейін шыққан жоқ. Яғни, нәтиже деген осы. Сол кезде Парламенттің пәрменімен «Жау жүрек мың бала» фильмі жарыққа шықты. Ол қазақтың рухын көтеріп тастаған сияқты болып көрінеді. Жалпы, кинематографияда қазақты тәлкек қылуға, қазақтың руханиятын қорғаудан гөрі қорлауға алып кеп түсіретін режиссерлердің легі жоқ емес, бар! Бірақ, қоғамда айтылатын сын-пікірлердің арқасында біраз аяқ тартып қалғанын да байқаймыз. Әйтеуір, ақырындап ала-құла кейіпте қазақтың кинематографиясы дамып келе жатыр деуге болады.

- Қазақ көрермені ретінде режиссерлерден қандай кино түсіруін тілер едіңіз? Көк жәшігіңізден қандай фильм көргіңіз келеді?

- Әрине, бізде жақсы тарихи фильмдер бар. Дегенмен, Эльдар Рязановтың өте нәзік, юморға толы, өміршең, Георгий Данелияның өткір, қышыған жерді дөп басатын фильмдері сияқты киношығармалар әзірге бүгінгі қазақ киносында болмай отыр. Жақында өзбектің бір фильмін көрдім. Олардың киносы бізден бір шама озып кеткен сияқты болып көрінді маған. Байқасаңыз, киноның астарында саясат жатады. Мәселен, Америка өзінің белгілі бір саясатын жүргізер алдында Голливуд кино шығара бастайды. Өзіңіз білесіз – Америка мен Ресей өзара қырғи қабақ. Жақында ғана өзім көрген бір фильмде Кремльді жарып тастағанына куә болдым (фильмнің атын ұмытып отырмын). Сол сияқты қазақ руханиятына қазақ киносы арқылы шабуылдар жасалып жатқан фильмдер де кездеседі. Қазақты барынша бақсы ғып, көп құдайшыл етіп, мұсылман емес етіп көрсетуді көздеген фильмдер легі бет алып бара жатыр. Соның бірі – «Шал» фильмі. Мұсылман адамға төн емес сөзді шалдың аузына салумен қазақтың дініне қиянат жасайды.

- Бекболат аға, ұлттық кино қатарында қандай фильмдерді атар едіңіз?

- Бүгінгі қазақ фильмдерінен «Ағайындыларды» ұлттық шығарма дер едім. Баяғыда бір шал болыпты, оның үш баласы бар деген сияқты принцип сақталып жасалған фильм ғой. «Тақиялы періштені» ұлттық негізі бар фильм деп айтуға болады. Мәселен, балерина билегенде апаның бетін жауып ұялуы сияқты тұстарында қазақтың менталитетін көрсете білген.

Сұхбаттасқан: Серікбай БАЛТАБЕК,
кинотану мамандығының 1 курс студенті
доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Мұқағали Мақатаевқа арнау

Даналықтың сүтін еткен – ана тілі

Тілім менің бақ отаудан түлеген,
Түлеген тіл қуат алса тірі өлең.
Ана тілім, ұлы Абайдан бата алып,
Шыңғыстаудың бөктерінде түлеген.

Ана тілім қымыз ішіп жайлаудан,
Босағандай езгі өмір айдаудан.
Асан қайғы бабасына қосылып,
Дана тілім көшпендіге айналған.

Аман қалған асау толқын сойылдан,
Менің тілім хақ төріме қойылған.
Дара тілім желдей ескен жүйрік қой,
Сарыарқаның даласында жайылған.

Көмейімнің көрінгендей кеңдігі,
Ана тілдің асқақтайды ерлігі.
Махамбеттің серігіндей баба тіл,
Аттан түспей басылмайды терлігі.

Қазағыма жағылғандай тағы үміт,
Бұл өлкенің жомарттығын таныдық.
Ақиық тіл жалғызсырап жүргендей,
Мұқағали өлеңдерін сағынып.

Арда қазақ, жыр жазбаған жүдеген.
Жыр болмаса, сыр болмаса түнерем.
Ана тілім, дара тілім бақ тілім,
Даналықтың сүтін еміп түлеген.

Алаштың ұлы

Өр ақыным,
Жыр – ақиық жырау, ер
Тобылғы торы құлагер.
Екпіні оттай қаулаған.
Бабамнан жеткен мұрагер.

Қоңыр жыр, қоңыр дәптерің,
Сағынған шығар бапкерің.
Көпірдей жалғап өттің ғой,
Өмір мен өлең өткелін.

Жыр бәйгеде,
Мұқағали көсіледі жазыла.
Онда болмас بازیна.
Ақын мұрасы тауыспас,
Қырық нарға артқан қазына.

Тақымға салып,
Өлеңдей биік олжасын.
Құлашын жайып қорғасын.
Қоңыр үн алып аумақты,
Қоңыраулатып толғасын.

Өлең – ғұмыр,
Бабамнан алған тәбәрік.
Қайнайды қанға таралып,
Мұқағалиша сөйлейді,
Шындыққа тура қадалып.

Жыр – Әнұран!
Кеудене нұрдай күйылған,
Ол – ақын айнымас күйыннан.
Алладан келген қоңыр үн,
Алаш ұлына бұйырған.

Дәулет ЖӘЛЕЛОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті
«Филология» факультетінің студенті

«Сын сардарын» еске алды

Қазақ театр өнерінің дарабозы, мәуелі бәйтерегіне айналған, марқұм Әшірбек Төребайұлын өзі өмірінің соңғы кездеріне дейін қызмет жасаған Өнер ордасы (Қазақ Ұлттық өнер университеті) сағына еске алды. Ағымдағы жылдың қаңтар айының 22-ші жұлдызында «Ес-аймақ» мәдени-танымдық пікірталас бірлестігі өзінің кезекті жұмысын Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, аудармашы, педагог **Әшірбек Төребайұлы Сығайдың** рухына арнады. Ж. Жабаеватындағы үлкен концерт залда өткен «Сыннан сыр түйген шебер» атты еске алу кеші көпшіліктің көңілінен шығып, келген көрермендер дән-разылықтарын білдіріп жатты. Қолға алған шаруаны, соңына шейін апармай тыңбайтын жалында жастардың еңбегі ел есінде қалары хақ. Енді, осы сағынышқа толы сырлы кеш жайлы бірер сөз. Кешке қатысқан университет басшылары, Әшірбек ағамыздың жанұясы, одан аса талантына бас ұрған құрметті көрермендері оқылған жүрекжарды жырлар мен тебірең тартылған күйлерге құлақ түріп, Әш ағамызға деген сағыныш-мауықтарын басты. Барша қауымның жанарында сағыныш лебі есіп тұрды. Өйтпегенде ше?! Әшірбек Төребайұлы әр қазақтың жүрегінде. Қашан да де солай болып қала бермек.



Әуелгі кештің әлқисасын өз естелігімен бастаған Қ.Р Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы-драматург, профессор Әкім Ұртайлы замандасы, рухани досы, «жігіт» деп мойындаған Ә. Сығай жайлы жүрекжарды ойымен бөлісті. Одан әрімен дәстүр бойынша «Ес-аймақтың» төрағасы, тұрақты жүргізушісі М. Әбіл сөз тізгінін берік ұстап, еске алу кеші жалғасын тапты. Кештің бас жағында өнертану ғылымының докторы, театртанушы Б. Нұрпейіс Ә. Сығайдың өнер жолынан

сыр шертетін баяндамасын көпшіл қауымға ұсынды. Саңлақ сыншының төл рухани шөкірттері жүрек түбінен шыққан жыр-шумақтарын сахна төрінде төгілті, ұстазға деген ыстық сағыныштарын бір ауыз жырмен жеткізді. Сондай-ақ, елордалық қос Қалжеки театры (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Н. Өтеуілов, Е. Нұрымбет, Қ. Қыстықбаев) мен Жастар театрының («Дарын») Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ә. Ахметов, Д. Серғазин) белді артистері белгілі ақындардың Әшірбек Төребайұлына арнаған өлең-жырларды өзіндік өрнегімен сахнада түрлендіре білді. Тіл бітірді. Сахна төрінен үн қатты. Бұдан басқа университет студенттері, талаптары таудай Е.Тілеулі мен Ф. Ердібаявалар күй пашуларын тарту етті. Сол сияқты 2 курс драма театры актері (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. Омар шеберханасы) мамандығында оқитын жас таланттар театр сыншысының кітаптарынан алынған театр мен талант мәні және актер өнері, режиссер шеберлігі хақындағы кәсіби ой-толғамдардан құрылған «Жүрегің тоқтамасың, Театр!» атты сахналық композиция ұсынып, жиылған қауымның ықыласына бөленді. Фойеде оқу ордамыздың кітапхана қызметкерлері Әшірбек Төребайұлының еңбектерін жинақтап, кішігірім көрме даярлады. Осы кештің басы-қасында жүрін, атсалысқан «өнертану» ғылымының магистрі, оқытушы А. Қадыралиева мен «өнертану» ғылымының магистранты Б. Нұрғалиевтердің еңбектерін баса айтып кеткен жөн. Кеш соңы режиссер Қ. Өмаровтың «Сын сардары» атты Әшірбек Төребайұлы жайлы көзі тірісінде түсірілген деректі фильмімен жалғасты.

Саф алтындай қазақ өнерін, соның ішінде «театр» деп аталатын күрделі көшгі тоқтатпай, ілгері жалғастырушы, шын жанашыры ретінде танылған талантты тұлғаны есімі халықтың

жадында мәңгіге сақталары хақ. Жақсының аты өлмек емес. Соңынан жасаған игі істері мен төлағай табыс, қажырлы еңбегі қалғанда Сығай Әшірбек Төребайұлының есімі ешқашан өшпек емес. Баршамызға аманаттап кеткен ұлы дүниелерге қиянат жасап алмайық, ағайын..

Адалдықпен арқа тұтқан қаламгер

«Ауызымызды аша алмайтын кеңес заманында, біз шындықты жасқанбай қатты-қатты айттық. Ал нағыз айтатын тәуелсіздік уақытында ешбіреуі әділдікті дөп басып батырып айта алмай жүр» деп, жүрегін сыздата ашына сөйледі төрден Әкім Тарази. Бұл ақпан айының 23-ші жұлдызында «Ес-аймақ» мәдени-танымдық пікірталас бірлестігінің кезекті отырысында қонақта болған Әкім Ұртайұлының айтқан жүрекжарды сөзі еді.



Өз дәстүрінен жаңылмаған «Ес-аймақ» бірлестігі осы айдағы отырысын ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, жазушы-драматург **Әкім Ұртайұлы Тарази** шығармашылығына арнады. Кеш тізгінін әдеттегідей М. Әбіл ұстады.

Қазақ әдебиетінің ақсақалына айналған қарымды қаламгердің шығармашылығы қай кезеннің болмасын оқырмандарын қызықтырып келеді. Сүбелі қолжазбаларымен сусындап, қызуғышылық танытып, түп етектен білім-танып жүрген оқырман қауымның біразы осы кештен табылуы заңды құбылыс еді. Солай болды да. Жиылған қауым шығармалардағы кейіпкерлерден



бастап, драматургия хақында, қоғамдық мәселелер, тінті дерлік актерлік өнер жайлы ұзынды-қысқалы, мәнді де мағыналы сауалдарға кейіпкер тарапынан қомақты жауаптар алды. Университет қабырғасында тәлім алып жүрген талантты жастардың өнеріне де кезек берілді. Дәстүрлі өуезді ән өуелеп, қобыз қоңыр үніне тәнті бөлді көпшілік қауым. Автор шығармашылығынан болашақ актерлер көрініс дайындағандары тағы бар. Ешқандай кәсіби режиссердің көмегінің өздері сахналық әрекеттерін әзірлеп, сөз қақтығыстарын реттей білген жас өрендердің көрсеткен өнері шыны керек ерекше түрде көрінді. Тартымсынбай, тайсақтамай көрсеткен өнерлеріне

сарқылмас шабыт тілегіміз келеді.

Естіп, білгенімізден гөрі тындап аларымыз көп еді... Әттең, уақыт шіркіннің біздің ырқымызға бағынбайтыны рас. Бірақ, бұл кештен ешкім құр ойлы қайтпады. Санасына сіңірді едәуір дүниені, ойын толықтыра түсті мағыналы сөздермен... Өмір бойғы рухани азық болары хақ.

Әкім Ұртайұлының мына қоғамға бергенінен берері көп әлі де. Автор жақтан құнды еңбектер жазылып, оқырман-қауымның жан-дүниесіне жетіп, сұранысқа ие болып жатса, бұдан асқан бақыт бар ма деп қаласыз?! Ендеше, келген қонағымыздың деніне саулық тілеп, жазарыңыз көп болсын демекпіз. Талант тұғырында мәңгілік тіл қата бергейсіз...

Арман АЙТЖАН,
театртану мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Есте қалған «Ес-аймақ»

- ЕНУ?

- Иәә!

- Бірден алтыға көтеріліңдер. Сосын беске. Сәндер көретін нәрселер сол жақта.

- Ооо, қыздар кеттік. Алтыны бас, алтыныны...

- Туу, міне жеттік. Ол кісі біздің ЕНУ-ден екенімізді қалай біліп қойды екен, ә?!

- Ммм... (есіктен басымызды сығалап тұрмыз)

- Келіңдер, келіңдер! ЕНУ-денсіңдер ме? Келіңдер, жайғасыңдар. Мынау біздің сабақ

Қазақ Ұлттық өнер университетінде Әшірбек Сығай негізін қалаған «Ес-аймақ» атты мәдени-танымдық пікірталас бірлестігінің ұйымдастыруымен Әкім Таразымен кездесу болады дегенді естіп, группадағы қыздармен өнер ордасына келдік. Кездесуден алған әсерімізді, «Шабыттың» аурасын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ауызмыз ашылып жүргендіктен, «Шабыттық» емес екенімізді көрген адам бірден түсінетін еді.

Әкім ағамен кездесу аяқталған соң естелікке суретке түсіп, «Шабытты» аралап та үлгердік. Қонаққа «ішкі ас үйдің» мән-жайы қашан да қызық қой. Кітапханадан бастадық. Ондағы апайлар бізді алтыншы қабатқа жібермесі бар ма! Бірден ол жерге жеткеніміз тегін емес екен. Дәлізде шулаған балаларды, жартылай киінген, жамау нәски, трикомен жүгірін жүргендерді көріп, өзіміз біртүрлі ыңғайсызданып та қалдық. Сөйтсек, кезекті сабақтарына дайындалып жүрген бөлашак актерлар екен. Әр есікті бір сығалап, дауыс шыққан жаққа ұмтылып қоямыз.

- ЕНУ-денсіңдер ме?

- Мхм...

- О, келіңдер, жайғасыңдар. Мынау біздің сабақ оқитын жеріміз. Мынау тобымыз. Қай факультетте оқисыңдар?

- Журфак...

- Ооо, сұрақтарың болса...

Осындай диалогпен таныстығымыз басталды да, әрі қарай әңгіме түрі еркін форматқа ауысты. Бізді жылы шыраймен қарсы алғандар ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Омар Ақыш Қоңыртауұлының драма бөліміндегі 2 курс студенттері екен. Шеттерінен өнерлі балалар екені көрінін-ақ түр. Сөйлегендерінің өзін театр дерсін, шіркін! Еш қысылмастан гитарамен ән айтып сала жөнелді. Студенттердің ұйымшылдық қасиеттеріне қатты таң қалдық. Мүмкін, қонақ алдында актерлік қабілеттерін пайдаланып, өздерін солай көрсетті ме? Жо-жоқ, өлай ойлаудың өзі бекер! Бойларында бір жасандылық көрінбейді.

О, Құдайым! Құдды бір анадан, бір әкеден туғандай-ау! Бөлашақтағы армандары – осы бір топ болып театр ашу. Несі бар, өл жақсы емес пе?! Асыл армандары орындалсын деген тілегімізді жасырмадық. «Шабыттың» аты айтып тұрғандай, мұндағының бәәәәрі шеттерінен өнерлі. Бірінші бірі асып түседі. Араларында акындар да жетерлік.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор
ОМАР АҚЫШ ҚОҢЫРТАЙҰЛЫНЫҢ
шеберханасы

Топ кураторы -
Өнертану ғылымдарының магистрі
БІРІМҚҰЛОВ ЕРНИАЗ РЫСҚҰЛЫ

әңгіме

БЕС ЖҮЛДЫЗ

басы өткен санда

Осы апта, қателеспесек, емтихан аптасы болды. Себебі, дәлізде әр кабинет есігінде топтардың аты мен сабақты тапсыру уақыттары жазылған екен. У-шу. Әсіресе бесінші қабатты айтсаңызшы. Бұрышта біреуі баянда ойнап отырса, енді бірі қобызын тартып, біреулер саксофонын құшақтап, келесісі әндетіп, біреуі домбыранын құлағында ойнап отыр... Әрқайсысы бір-бір аспаптан арқаларына іліп алған. Қандай әлемге келдік деп таңданғанымыз рас. Біз универде тыныштыққа үйренген адамдармыз ғой. Мұндай музыкалық аспаптар түгілі, қоңыраудың үніне жүйкеміз шыдамай тұрады)))

Бірінші қабаттағы Ж. Жабаев атындағы үлкен залда оркестр ойнап, бір топ студенттер билеп жүр. Сабақтары солай өтеді екен. Рахат, ә! Біздікіндей іш пісіп, төрт қабырғаға қарап отырмайсың) Өнер ордасына тегіннен тегін, екіншісі бірі түсе бермейтінідігіне тағы да көзіміз жетті. Сырт көзге, «ЕНУ-дің студенттері дым көрмеген екен!» деген пікір қалдырып кеттік пе деп, өзіміздің ыңғайсызданғанымыз да жасырын емес.

Р.С. Әркім бір арманның жетегінде келген. Әрқайсысы бір-бір шыңды бағындырсам, биіктен көрінсем дейді. Әрқайсысысының жүректерінде ата-ананың үкілеген үмітін ақтасам деген мақсат бар. Жігіттер, қыздар, асыл армандарың орындалып, ата-аналарыңның ақ батасымен биік белесті бағыдыруларыңа тілектеспіз және солай боларына сенеміз! Сендердей жастар жерде қалмайды! Себебі, ұшам деген қанатқа – дүние кең! Қанаттарың талмасын!

Әйгерім ТОҚСАНБЕК

Еуразия Ұлттық университеті
журналистика мамандығының 2 курс студенті

Тақудың әкесі қысқа бойлы, қарыны қабақтай мығым келген адам. Менің көзіме қабағы қатулы, қатал адам болып көрінетін. Үйінен қай уақытта шығып кететінін білмеймін, қас қарая келіп көлігінен түсіп жатады. Кейде ізін суытшы жоқ болып кетеді. Бірер күн өткенде қайта пайда болады. Кейде айлап, апталап жоқ болып кетеді. Мен оны бастық дейтінмін.

Сол күні құдық қазған күні кешкісін Тақу мені үйіне алып кетті. Әкесі тағы бір іссапармен кеткен болуы керек.

– Мен жалғыз қалудан қорқамын, – деді менен өтіпкендей. Сосын әкеме қарап:

– Баянды мен алып кетейін, бүгін менің қасымда қонсын. Үйде адам жоқ еді – деді. Әкем бірден келісім беріп:

– Әрине, барсын. Бірақ жақсылап қара. Бұның ылдым-жылдым жоқ болып кететіні бар, адамды әуреке салып, – деді аманат еткендей.

Тақу сол күні менің бар қалауымды жасады. Екеуіміз өзінің бала күніндегі бөлмесін астан-кестен еттік. Менімен бірге бала болып кеткенін қазір түсіндім.

Бөлме іші ғаламат. Қабырғаларына табиғаттың сұлу келбетін керемет көмкерген. Аспанды екіге бөліп қойыпты. Қалықтап бара жатқан құстың суреті. Бір қанатын түн қылыпты. Жымыңдаған жұлдыздары да, жарты екеш айда шынайы салынған. Бір қанаты шайдай ашылған аспан. Күміс күн күлімдеп тұр. Қалықтаған ақша бұлт та өз орынын оңтайлы жерден тапқан. Өзіңді бір аспан астында жатқандай еркін сезінесің. Керемет суретшінің қолынан шыққан туынды екені көрініп-ақ тұр. Болменің бір бұрышында балаға арналған шағын төсек. Бір қабырғаға жабысып тұрған шкаф толы өйыншық. Бірақ, ойынға қанбасам да мені алып кетті.

– Жүр, жатайық. Кеш болды. Ертең ойнаймыз! – деді. Өз үйім болмағасын ба, қыңырлыққа баса алмадым, тез көндім.

Түннің бір уағына дейін мені құшағынан босатпады. – Жеп қояйын ба сені? – деп сүйсінеді. Менің тынысым тарылып өліп барам. «Баланың төсегіне жатамын» деп қулыққа басып едім, босана алмадым.

Сол күні жұрт аяғы басылды-ау дегенде, біреу есік қақты. Тақу естімегендей біраз жатып еді, шыдай алмады. Жұқа көйлегін үстіне іле салып, барып есік ашты. Біреумен ұрысқандай күбір-күбір сөйлесіп жатты. Менің бойымды қорқыныш билеп, дірілдеп кеттім. Кенет Тақу келді де, мені көтеріп алып балалар бөлмесіне апарды. Бұрыштағы шағын төсекке жатқызып, жақсылап қымтап қойды. – Қорқам! – дедім. Жалғыз жатқаннан емес, әлгі келген бейтаныс адамнан қорыққан едім.

– Қорықпа, құлыншақ. Мен бармын ғой. Сен өзің емес пе, осында жатамын деп қоймаған. Ал енді ұйықта! – деді де, бетімнен бір сүйіп кетіп қалды.

Ұйықта дегенге ұйықтай қоясың ба? Көз ілмедім. Арғы бөлмеде не болып жатқанын сезін, біліп, естіп жаттым. Екеуі бірде күледі, бірде тына қалады. Тақудың сол күлкісі әлі құлағымнан кетпейді. Бұл күлкі Тақуға тіпті тән емес сияқты ма, қалай...

Бәрін естіп жаттым. Бейтаныс жігіттің үйге кіргені де естідім, шыққаны да естідім. Тықырлатып кетіп жатқанын ұрланып келіп қарап үлгердім. Өз көзіммен көрдім.

Жатсынатын түрі жоқ. Келіп-кетіп бой үретін алған сияқты. Кіреберістегі киім ілгішке үстіндегісін іліп, бас киімін байыппен айнаның алдына қойыпты. Асықпай киініп, айнаға қарап, өзіне бір сүйсінді де шығып кетті. Ала көлеңкеде түрін анық көре алмаған едім. Шығып бара жатқанда беліне байланған кісенін анық көрдім. Көрдім де: «Бес жұлдызды адам» дедім аузымды басып. Сосын, –Тақу! дедім. – Ол кетті ғой! – дегендей. Тақу тіл қатпады. Екі-үш рет қайталадым. Сосын нәтижесіз сөзімді жиып алып, өзім бардым. Тақу теріс қарап жатыр екен. Өкпелеген баладай арқасын беріп жатыр. Жақын келіп құшақтай алып едім, итеріп тастады.

– Жат, ұйықта! Әлі ұйқтамағансың ба? – деді жекігендей болып. Денесі құрысып, әлденеден шошынғандай тітіркеніп жатты. Мен қайтіп жақындай алмадым. Таң атқанша бір көзімді қысып жаттым. Оның да таңға дейін мазасы кетіп ұйықтай алмағанын білемін.

Содан кейін әлгі бес жұлдызды адамды көп көрегім болды. Соны бір қатты сағынып құмартқаннан емес, өзі көз алдымнан кетпейтін болды.

Қолында бір қағазы бар, қайқаңдап келіп бірдеңесін жазып жатады. Қойнынан бір конверт суырып алып : – Міне! – дейді. Осы бір конвертті көрген адамның барлығы зар еңіреп жылап әкетеді. Жаңа түскен жас келін де, самайын ақ шалған қарт әже де аяғына жармасып:

– Кешір, айналайын, кешір, құлыным. Бір қателік жіберген болар. Тым болмаса мені тыңдашы. Сенің де мендей анаң бар ғой, балам. Көз жасымды көл қылып баламнан айыра көрме! – деп жалынады.

Осы жалынышты үнді көп естідім. Бізге жақын орналасқан үйлердің барлығынан естідім. Бұл бірде:

– Осы үйде тұратын пәленше деген азамат, пәлен жерден осынша зат ұрлаған. Көрген куәгерлер бар, – деп келеді. Бірде: – Осы үйдің баласы орталық наубайханадан нан ұрлаған, – деп келетін. Осы сөздерді қаншама рет естідім. Жаттап та алдым. Оның да жаттап алғанын білемін. Бірақ әдейі қойнынан алып шығып, асықпай ашып, байыппен оқиды. – Бөлім командирінің қолы қойылған, мөр басылған, сондықтан бөлімшеге жүрсін, дейді.

Халық осы бір конверт ашылмай жатып зар еңірейтін, жалынатын. Қаншама ана, бар сөзін айтып өтініп бақты. Оның құлағына кіріп те шықпады. – Бұйрық солай! – деп қатып қалған.

Сонда жасы үлкендер қипалақтап, арлы-берлі жүгіріп маза таппай кететін. Бірер уақытта келіп әлгі бес жұлдызды адамға бір конверт ұстатады. Сонда ғана әлгі неменің қабағы жібiгендей дауысы бәсеңдеп:

– Енді бұзықтық жасамасын! – дейді де, кері бұрылып кететін. Кейін «Бұның сырын кім ашып айта алады, конвертті конверт қана қайтарады» деп айтып жүрдік.

Бірде әкем аулада қолын жуып отыр екен. Жүгіріп келіп арқасына асыла кеттім. Әкемнен күндегідей жылы сөз шыға қоймады. – Балам, қойшы, шаршап отырмын, – деді.

Әкем қанша көңілі сынық бөлсе да, маған сездірмейтін. Бұл жолы үлкен бір істің болғанын іштей сезіп отырғам. Әлгі «бес жұлдызды» келгенде анық көзім жетті. Әдеттегідей аяғын алшаң

басып келді де, бойын тіктеп, оң қолын маңдай тұсына көтерді. Сосын қойнынан конвертті шығара бергені сол еді, әкем бір оқыс әрекет жасады. «Бес жұлдыздыға» қарсы жасалған бұндай оқыс әрекетті бұрын соңды көрген емеспін.

Қолындағы конвертті жұлып алды да: «Жоғал!» деді. Сосын бедірейіп қарап тұрған бетіне конвертті екіге бөліп лақтырып жіберсіп.

